

30.5.23
1912



Мағжан

39674



Мағжан

Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер

Петропавл қаласы
2006 жыл

ББК 84 Қаз 7

М 12

ISBN 9965 – 27– 892– x

Мағжан Жұмабаев

М 12 **Мағжан Жұмабаев. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. Құрастырған Ж. Сүлейменов, 2006 жыл 428 бет**

ISBN 9965 – 27– 892 – x

39674

Қазақ поэзиясына жаңа леп әкелген ұлы ақындарымыздың бірі Мағжан Жұмабаев заманында саяси көзқарасы, ағартушылық қызметі, эстетикалық-философиялық ұстанымы өз дәрежесінде қанатын кең жая алса, ақыл-ойға басқаша бір өріс ашып, халқының қолына ерекше бір әлемнің кілтін ұстатқан болар еді. Бірақ тағдыр оған жазбады, ол қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Қолдарыңызға тиіп отырған кітапта Мағжан жырларымен бірге оның өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректерге толы әдеби зерттеулер де топтастырылған.


Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7

© Құрастырған Ж. Сүлейменов

© Кітапты шығарған Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі

EN 9965 – 27– 892 – x





Солтүстік Қазақстан
облысының 70 жылдығына
арналады

Құрманғазының
гажсайып күйлері,
Мағжанның мөп-мөлдір
асыл лирикасы,
Мұхтардың эпикалық
көркем прозасы,
Шоқанның барша әлемді
таңғалдырған
жаңалықтары, ұлы
Абайдың философиялық
толғаулары ынта-
ықылас қойған әрбір
адамның ішкі жан
дүниесін байыта түсері
анық.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ
 (“Тарих толқынында”)

МАҒЖАН – ҰЛТ АҚЫНЫ

*Тайыр МАНСУРОВ,
Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі*

Халықтың рухани болмысының алтын қазынасына айналған ақын жыры сол халықтың өзімен жасайды. Халықтың тілі, ділі өлмейінше оның жыры да мәңгілік, сол ұлттың жүрегінде, болмысында қан тамырының бүлкіліндей бүкіл бітімімен бірге, бойың, тұлғасын аралап ағады. Мұндай ұлы қасиетке ілуде бір жыр пайғамбарының шығармалары ғана ие болады. Мейлі, қандай қиян-кескі оқиғалар, заман дауылдары кезіксін, мұндай ақынның өлеңі өлмейді, жаңа күндердің жарқ еткен сәулесімен қайта тіріліп, келесі ұрпақтардың өкілдері бұл өлеңді әлпештеп, әлдилеп, бесігінде тербете береді.

Ұлы Мағжан поэзиясы осындай ұлы қасиетке ие. Мұндай рухы мықты жырды жалынмен өртеу, өшіру, мәңгілік көзін жою мүмкін емес. Осы ақиқатты қайта тіріліп, нақ осы уақыттарда бүкілұлттық күш-қуатпен өміршең серпінге ие болып отырған Мағжан жыры айғақтады.

Қазақ халқы, анығында, мәдениет әлемінде өзінің алатын зор биігі барын айғақтаған ұлт. Ал, ұлт мәдениетінің ғасырлар бойы қалыптасып, өзінің жасаған тарихынан үнемі нәр алып отыратынын айғақтап жатудың өзі ерсі. Мұндай ірі құбылысты ірі тұлғалар қалыптастырады. Осындай ұлы тұлғалардың төңірегінде оның ізбасарлары өседі: одан үлгі-өнеге алады, ғибратымен жетіледі. Егер заман оқиғалары бұл ұлы тұлғаларды ұлтынан шеттетсе ғана мәдениет өзге арнаға түседі, өзінің ғасырлардан нәр алатын бастауларынан көз жазып қалады. Сондықтан біз ұлы тұлғалар болмайынша ұлт мәдениетінің өспейтінін, керісінше өшетінін бар болмысымызбен пайымдауымыз керек.

Ендеше, ұлы Мағжан поэзиясын ұлт мәдениетінің күретамыры деп қарауымыз заңды.

Мағжан поэзиясы өз бетімен туа қалған жоқ: Мағжан да ұлттың бай әдебиетінен нәр алды, баба жыраулар, баба ақындар арнасын салып кеткен ағыспен жүзді, осы өлең құдіреті оның да қан тамырларына нәр берді.

Алайда, Мағжан жыры ұлан далада көзі ашылған жаңа бір қайнар, жас бұлақ болып өлең табиғатынан атқылап, арнасын кеңейтті. Мағжан жыры өзіне дейінгі ақын-жыршылардың арнасынан тамыр тартып тұрған күннің өзінде ерекше қуатты, айрықша арынды арнада толқыды. Бір сөзбен айтқанда, Мағжан жыры ұлттық мәдениеттің өте жарық, самаладай нұрлы көрінісі болғандықтан белгілі бір кезеңдердің өлшемі болып қана қалған жоқ. Ғұмырдың бір кезеңіне ғана жарап, соның ғана бейнесін танытарлықтай қасиеті болатын ақындар да барын тарих айғақтап отыр. Ағылшындарда ұлы Шекспир мен Байрон, немістерде Гете, орыс әдебиетінде Пушкин мен Лермонтов поэзиясы қалай асқақ болса, қазақ әдебиетінде Абай мен Мағжан жыры да ұлттың рухани болмысына айналған. Сондықтан қазақ поэзиясы туралы сөз болған күнде Абай мен Мағжан бүгіннің де, болашақтың да ой-мүддесімен тәнның ішкі бауындай жымдасып, үнемі өзінің ұлы биігінде қала бермек. Себебі, біз жоғарыда атап өткен тарихи кезеңдердің бір белесінде қалып қоятын жыр Мағжан жыры емес. Мағжан жыры – мәңгілік.

Бізді ерекше бір толғандыратын, әрі сүйсіндіретін құбылыс Мағжан поэзиясының осындай қасиетінің оның бойында қалыптасуы. Басқаша айтқанда, табиғат, болмыс Мағжан өлеңіне мәңгілік өлмейтін нәр беруінің өзі қайталана бермейтін, адам айтқысыз ерекше құбылыс.

Әрине, ешбір дарын, соның ішінде ақын да өз шығармашылығында алғашқы бастаудан соң жетілу, өсу, шарықтау кезеңдерін өткермей қоймайды. Абайды алайық. Ол да бүгінге бірден көтерілген жоқ: алғашқы жырлары мен оның ғұмыр-замалық ғибратқа толы жырларының арасы – ұлы ақынның өсу жолы. Ол бұл жолды өзі жасап алды. Оның ұлы дарыны арқасында осы жол даңғылға айналды.

Ұлының ұлылығын ерте таныған Мұхтар Әуезовтің Мағжан жырынан басқаның бәрі күмәнді, одан басқаның сөзі өте сенімсіз деуі тегін емес. Кеменгер Мұхтар қазақ әдебиетінде Мағжан зынды мәңгілік өлмейтін құбылыстың пайда болғанын сұңғылалықпен сезді.

Сонда Мағжан өлеңінің өміршендігі неде? Неліктен оның

жыры ғана болашаққа жетіп, өзгенікі күмәнді болмақ? Мұны Мұхтар кейінгі ұрпақтың өз пайымына қалдырады. Расында да, жасықты емес, жақсыны танып-біліп, ғибрат алу үшін сол деңгейде пайым, ұғым болуы ләзім. Мұны біз Мағжан жырларына ой салған сәттең-ақ сеземіз. Әр нәрсе салыстырма арқылы аңғарылмай ма?! Салыстырып көрелік.

Салыстырғанда салмақтың ауырын Мағжан жыры арқалайтынын айқын аңғарасың. Өйткені, Мағжанға дейінгі поэзия өкілдерінің көбінде жыраулар поэзиясының көбесі оншалықты сөгіле қоймады. Төңкеріс заманының әуеніне Мағжан поэзиясы көнбеді. Ағартушылық лептің өзін Мағжан өзгеше, жаңа бағытта пайымдайды. Бірбеттілік, әсіресе, төңкерісшілік ұран Мағжан жырына жуыспайды. Бұл ыңғайда Мағжанның өзге дүниеден үйренетінін жасырмау керек. Ол орыс поэзиясын терең түсінді. Оның ішінде де өзіне лайықты ағымды ғана қалап алды. Мағжан Маяковскийге еліктемеді. Мағжан Блоктың, Есениннің, орыстың символшыл ақындарының сарынын сүйді. Өйткені, поэзия белгілі бір саяси арнаға бұрылып кетсе, сол саяси болмыстың ығында қалатынын аңғарды. Мұндай құндақтаулы жыр ақынды өсірмейтінін ол анық сезді. Әрине, жырдағы түрлі ағымдар арасында мәңгілік тартыс болмай тұрмайды. Бірақ, жаңашыл поэзия, ұраншылдыққа әуестенбейтін жырдың мәңгілік күресте Айы оңынан туып, түбі жеңістің асуына соның туы тігілетінін ол сол уақыттың өзінде ұққандай.

Мағжанның орыс поэзиясымен ертерек танысуы, әсіресе, күшті, рухшыл ақындарын көп оқып, солар арқылы Батыс Еуропаның озық жырымен сусындауы оны өз ортасынан мүлде бөлек арнамен жол табуға жетеледі. Мағжан жырын дәріптеп, оның дарынына табынғандар Мағжанның мұнысын теріс көрмеді. Қайта оны осы қасиеті үшін құрметтеді.

Біз мұны нәліктен тілге тиек етіп отырмыз. Мағжан ұлт поэзиясының қатардағы өкілі емес, оның ұлы перзенті болып қалыптаспас бұрын-ақ осы өлеңнің арнасын кеңейтті. Ал, поэзия дегеніміз – түр мен тектің, мазмұн мен асқақтықтың құйылымы. Егер поэзияны біржақты бағалап, айталық ақынның жырын ой мен мүддесі үшін дәріптесек, ал бұл жыр сұлулық, кескін-кейіп

жағынан ақсап жатса, жырда әуезділік пен эмоциялық әсер үйлесім таппай, ой асқақтығы ғана дараланса – оны іш тартып, сүю қиын. Ұлы сыншы Белинскийдің Пушкин поэзиясы туралы атақты мақалаларындағы мына пайым да осындай ойға жетелейді. Ол: “Егер поэзияны көздеген, көтерген ойы үшін ғана бағаласақ, ал ондай жыр кескін-кейіптен жұрдай болса мен оны ақылды, бірақ сиықсыз әйелге теңер едім. Мұндай әйелді ақылдылығы үшін сыйлауға болады. Ал, сиықсыз кескініне бола сүйе алмайсың ғой” дейді.

Біз оқитын, табынатын Мағжан поэзиясы әрі ақылдың, әрі сұлулықтың құйылымы емес пе. Мұндай тепе-теңдікті Мағжан жырына туа бітті дарындылығы ғана емес, оның ізденісі, көріп-білуі, үйренуі қалыптастырды. Ол осы арқылы өзінің кезіндегі қаламдастарының қатарынан суырылып озып шықты. Ол осы арқылы болашаққа жетті.

Мағжан поэзиясын оқып, оның тума дарынының бастауларын пайымдаған күнде біз осылайша бағалауымыз керек. Поэзия тапқырлықтың, жыршылдық жаңашылдықтың, өзіндік түсінікті, танымды баршаның игілігіне айналдырарлық қуаттылықтың биігіне осылайша жетеді. Мағжанның жыры жиырмасыншы ғасырдың алғашқы бастауларының кезінде-ақ поэзияның осындай биігіне көтерілді. Көне қарайықшы, сол жылдарда “Жан сөзі” яки “Мені де, өлім, әлдиле” немесе махаббат, сүйіспеншілік жайлы жаңа арнада соншалықты қуатпен жыр жазған қай ақынымыз бар? Мағжан табиғаттың бар болмысын жаңашылдықпен, адам сезімінің ең қиыр түкпіріне бойлап, тереңдеп кететін қуатпен жырлады. Біздіңше, Мағжан жырының ғажабы – оның өз заманынан әлдеқайда озып кетуінде, оны қойып, болашақтың аспанына өрлеп шығуында.

Мағжан – пафосшыл ақын. Бұл рухшылдық, өзінің жігерін жалындатып, сол жалынмен өзгелерді өртейтіндей пәрменмен жырлау. Өзін пайғамбарға балауы, өзін күдірет санауы – оның ішкі дүниесіндегі бұлқыныс. Бұл жаңартаудың жалынындай күш емес пе. Поэзия рухсыз – өлі дүние. Өлі дүниеде серпіліс болмасы хақ. Ондай жыр есепке, белгілі бір топтың мүддесіне ғана қызмет етуге жарайды. Оның дәрмені осыдан аса алмайды.

Рухшыл ақын ондай қалыпқа түсе алмайды, оған күндақтала кетпейді. Орақ пен балға туралы жазбаған, пионер мен комсомолдың таңбаларына табынбаған ақын, әрине, осы таңбалар дәріптеліп жатқан кезде өз төңірегіне түсініксіз болады. Ондай ақын осы ортаға қосыла алмайды.

Әрбір тарихи кезең өз үнін жаңғыртады. Алайда сол жаңғырықты тарататындар қоғамның өзі емес пе. Осы қоғамда ғұмыр кеше жүріп, өзге әуенге берілетін адамдар болады. Мұндай әуендегілерді әлгі әлем қабылдағысы келмейді. Егер ондай әлемнің қолында заң мен күш болса, бұл диктатураға ұласады. Мағжанды, орыс поэзиясының осындай өкілдерін диктатураның диірмені үн ғып, үгетіп жібергеніндей, Мағжан поэзиясы сол заманның құрбаны болды.

Мағжан – ұлт ақыны. Ал қай ұлттың да ақыны алдымен өз топырағынан жаралады, сол топырақтан нәр алады, өзінің туған жеріне табан тіреп, содан алған күш-қуат оның бойын, тұлғасын нығайтып тұрады. Біз осы ретте Мағжанды ұлы Антейге балаймыз. Мағжан қазақ тарихын ерекше қастерледі, ұлттың ұлы тұлғаларына табынды. Ол түрік дүниесін сүйді. Тұран туралы жазды, Ақсақ Темірді дәріптеді. Өзге де ұлы бейнелерге бас иіді. Қазақта Абылайды, Кеңесарыны сүйді. Қазақтың елдігін қорғаған батырларды жүрегіне ұялатты. Ал, осы мін бе? Егер ақын өз ұлтын білмесе, халқын сүймесе – оның ақындық күш-қуаты неде? Алдымен өзінің ұлтын сүйе алмаған ақын өзге ұлыларды танырма еді? Біз білетін қандай бір ұлы ақындарды айғаққа алмайық, олардың қай-қайсысы да осындай емес пе. Пушкин ұлы Петрді, Державин Екатерина II-ні қаншама мәрте мадақтамаған. Орыс халқы бұларды осыған бола сөкті ме? Олай емес.

Сондықтан Мағжанның өзін біз ұлтты сүйе алғандығы үшін сүюіміз керек. Оның бұл қасиеті біздің баршамызға зор ғибрат боларлық сипатта. Біз ұлтымызды Мағжанша сүйіп, сол дәрежеде, сол деңгейде оған қызмет ете алсақ, ақын көксеген ұлы мақсаттармен үндес болғанымыз.

Ұлтты сүю деген оны жалаң, өзгеше дәріптеу, жақсылығын ғана көріп, олқылығына көз жұмып қалу емес. Бұл жөнінде де Мағжаннан алар өнегеміз зор. Оның 1911 жылы жазылған

“Жатыр” атты өлеңі осыған айқын айғақ. Сонда небәрі он сегіз жасар Мағжан қазақтың өнер-білімнен, ғылымнан ада, бейғам, бойкүйез кемшілігін көзге шұқып жазбай ма? Ендеше, ол Абайдың қарасөздерін де, Міржақыптың “Оян, қазағын” да, Ахметтің “Масасын” да әбден ежіктеп оқыған. Алдындағы алыптардың жанайқайына өз жырымен үн қосқан. Бұл ретте орыс поэзиясында да айшықты айғақтар барын білген.

Өзінің ту тіккен ордасына жанашыр ақын ғана осылайша жырлайды. Мағжан қазақтың әдет-ғұрпындағы ғасырлар бойы қалыптасқан салт-санаға жаңа заман көзімен қарайды. Сол санаға соны сәуле шашуға ұмтылады. Ол халқының қолына орақ пен балға ұстатып, яки балдырғандардың мойнына қызыл галстук тағып беріп, жастардың кеудесіне комсомол белгісін қадап қойып ғибрат етуден аулақ. Ол рухани сананы өзгертуге күш салады. Жаңа замандағы өзгерістерден сабақ алуға шақырғанда ол тарихи арналардың желісін қатар тартады. Осы қатарласқан желі арқылы халқының, ұлтының оң өзгерісін көруге ынтығады. Ал, осы сөуге, жазғыруға лайық ұмтылыс па еді?

Біз үшін арада өткен тарих белестерінің сабақтары аса қымбат. Әсіресе, оны оқығанда Мағжан сияқты бүкіл бір ұлттың рухани дүниесіне айналып кеткен алып ақынның пайымымен, тулап тұрған жүрегінің лүпілімен сезіну ләзім. Біз бұл тұрғыда Мағжан өз ұлтына қандай рухани күш бере алды яки ұлты үшін қалай қызмет етпек еді, деген пайымда болуымыз керек.

Осы ұмтылысын сезінгендіктен де, оның бүкіл рухани әлемін танығандықтан да оған тәнті боламыз. Мағжан бүкіл поэзиясындағы, соған қоса әңгімелеріндегі, ғылыми еңбектеріндегі, тіпті журналистік қызметіндегі алға қойған мақсаттарында ұлттың қамымен жасаған адам. Ол – осы мақсатында аса биік, асқан тұлға. Оның бүкіл рухани болмысындағы үйрену, үйрету мақсатындағы қызметі осыны көксейді. Ол жаңаша жырын, жаңаша шығармасын, соны ұмтылысын осы биікпен өлшейді.

Туған елінің тілеуі дұрыс екен. Араға жылдар салып Мағжан халқына қайта оралды. Сөйтіп “Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар” деген ақынның жиырмасыншы ғасырдың басында айтқан сөзі жүзжылдықтың соңында шындыққа айналды. Сол күн туды, мәңгілікке орнықты.

Халықтың өзінің ардақты перзентіне көрсетіп жатқан құрметінде шек жоқ. Бүкіл Қазақстан, егемен, тәуелсіз, жаңарған, жасарған жас мемлекетіміз бойынша осылай. Оның бәрін санап, не тізіп шығу, әрине, қиын-ақ болар. Бірақ пайғамбар ақынның өзінің туған топырағы, елі мен жері – Солтүстік Қазақстан облысында бұл ретте тындырылған істерді бір жаңартып айтсақ, ол да әлгі ойларымызға айшықты айғақ бола алар еді. Өңір орталығы – Петропавл қаласында да, тіпті бүкіл облыс бойынша Мағжан Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуынан бастап кейінгі мерейтойлары халықтық мереке ретінде кеңінен аталып жүр. Оның бәрі есте қаларлықтай болғаны қалың көпшіліктің көкейінде. Қаланың қақ төрінде өзінің есімімен аталатын көшеде ақиық ақынның ескерткіші тұр. Туған өңірі – бұрынғы Булаев ауданы енді Мағжан Жұмабаевтың есімімен аталады. Оның атында педагогикалық колледж тағы бар. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің бір аудиториясы аяулы ақынның дәл өзіне арналып жабдықталған. “Мағжан оқулары” бір бөлек. Мектеп оқушыларының сүйікті ақынының өмір-шығармашылығынан өз түсінік-түйсігімен шығарма жазып жүретіндері қандай жарасымды!

Осы үрдісті одан әрі өрістете беру мақсатымен 2004 жылы облыс журналистері арасында байқау жарияланып, Мағжан Жұмабаев атындағы үш жұлде тағайындаған болатынбыз. Биыл оның қорытындысы екінші рет шығарылып, жеңімпаздар салтанатты жағдайда марапатталды.

Бізге, кейінгі ұрпаққа, тек ұлы ақынның осы жолымен асықпай, аптықпай жүріп отыру жеткілікті. Осы жолдан ұзамай, бұрылмай жүріп отырған адам Мағжанның қаншалықты ұлы мақсаттарға берілгенін аңдап, аңғарып, сүйсініп, қол соғып, қошеметтейді.

Әрине, Мағжанның өзімен дәрежелес, өзімен тұстас ірі тұлғалардың арасында осы мақсаттарын, оның рухани зор тұлғасын танып, тәнті болғандар көп еді. Мұхтар да, Ахмет Байтұрсынов та, Міржақып та, Әлихан да оны Алаштың ұлы ақынына тектен-тек баламаған. Жүсіпбек Аймауытов тебіреніп тұрып оның ақындығын талдап, жанашырлықтың ұлы өнегесін

көрсеткен. Олар бізден гөрі алымды да, шалымды да болды. Олардың өздері ұлтымыздың сүт бетінде қаймақтары емес пе. Олардың бүгінгілерден артықшылығы – ұлы ақынның қасында болғандығы, онымен жақын жүріп араласқаны. Ал, кейінгі ұрпақтарға Мағжанның шығармашылығы осы жолдағы үлкен қайнар. Біз осы қайнарды барынша ұғуға, тіпті пайдалануға тырысамыз. Пайдалану ниетіміз – Мағжанның таным әлемін ұғып, өзегімізден өткізіп, өзгелермен сырласу мақсаты.

Біздіңше, осы мақсатқа жету үшін ақынның бүкіл шығармашылығына қатысты әрбір дерек, әрбір мәлімет, оның өмірбаянының әрбір сәті назардан тыс қалмайтындай біліктілік қажет. Осы мақсатты көздегендіктен де біз ұлы ақынның осы өзіңіз ашып, оқып отырған үлкен жинағын жариялауды қолға алдық. Мағжанның алдымен адам, содан соң ақын ретіндегі бүкіл кескін-кейпін, бүкіл болмысын барынша кең, мол мазмұнда қамтуға ұмтылуымыздың сыры да осында. Бұл жинақта ақынның ұлы күш-қуатын айғақтайтын жырларының озық үлгілері қамтылды.

Бұл жинақтың тағы бір ерекшелігі – біз оған Мағжан поэзиясы хақындағы сыни зерттеулердің шоқтығы биік дегендерін де екшеп-ерекшелеп, талғап-таңдап алдық. Мұның өзі де Мағжан ақындығының сыны мен сырын танытар жол деп білеміз. Әдеби сын әділ болғанда ақынның тұлғасы танылады, оның жыршылдық сипаты жалпы бір үлкен деңгейде пайымдалады деп ойлаймыз.

Әрине, Мағжан сынды бір ұлттың мәдениетінің ірі өкілінің бүкіл бір әлемі осы сынды жалғыз жинақпен тәмамдала қояды деген ойдан аулақпыз. Біздің әдебиетіміздегі кемшін тұсы – әзірге мағжантанудың жоқтығы. Біздіңше, бұл болашақтың ісі, келешектің анық көкжиегі болуға тиіс. Мағжантану ғылымы бізге керек-ақ. Оның бүкіл шығармашылығында бұған жетерлік жәгіз бар. Тек, сол негіздерді кез келген жерінен яки өз қалауынша үзіп-жұлып ала салмай, тиянақты, байыпты бағамдап отырып, үлкен ыждаһатпен, таныммен ұсыну парыз. Қолыңызға тиіп отырған бұл кітап осындай игі ойлардан туған еңбек.

(Желтоқсан, 2005 ж.)



Қазақ елі,
сің ауыз сөзім саған!



ЖАТЫР

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі күн боп,
Жалтырап, көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,
Тәңірінің рақметіне қанып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,
Қазекен таң қаларлық кепте жатыр.

Байлары мынды айдаған шалқып жатыр,
Бар малын болыстыққа сарқып жатыр.
Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс –
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.

Кен жері күннен-күнге құрып жатыр,
Сұр жылан бар қанын-сөлін сорып жатыр.
Астана, жұрт билеген адамдарды
Тәңірі күннен-күнге ұрып жатыр.

Біреулер, оқып төре болып жатыр,
Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.
Ұмытып өзін-өзі бұл сабазың,
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.

Шәкірттер медреседе шіріп жатыр,
Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр.
Оқыған, дін іздеген байғұс шәкірт
Жемтікші құзғын болып кіріп жатыр.

Әйелдер мал орнына жүріп жатыр,
Жас қызын малға, шалға беріп жатыр.
“Бес байтал – әйел құны” деген бір сөз
Қармаққа талай жасты іліп жатыр.

Дау-жанжал ел арасы толып жатыр,
Өзара талас-тартыс болып жатыр.
Кешегі шешек жарған қазақ гүлі
Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.

Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,
Күннен күн артқа қарай кетіп жатыр.
Сезінбей өлгенін, өзінікін,
Аты өшкір оқығандар негіп жатыр!

ТУҒАН ЖЕРІМ – САСЫҚКӨЛ

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл
Жарысып саф күмістей ақ көбігін,
Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл

Жанында жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суынды ішіп, тоймаған көл
Көз салып жалтырыңа, мұңға батып,
Ғашықтар жарын іздеп, ойлаған көл

Шешініп қыз-келіншек су алған көл,
Әр жанды мөлдіріңнен суарған көл
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал
Дөңіңе ойнақ салып, қуанған көл

Сыртында ақбоз үйлер жарасқан көл,
Байларың кедейлерге қарасқан көл
Ағайын тату-тәтті – қоныс бірге,
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл

Түрлі құс әуез қосып, шулаған көл,
Шуақта балықтарың тулаған көл
Сапырып сары қымыз ертеңді-кеш,
Басында кеңес құрып, дулаған көл

Сасық деп еркелетіп ат қойған көл,
От-суға иең түгіл, жат тойған көл
Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,
Көкселдір тұс-тұс жақтан ат қойған көл

Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,
Құрбымен ойнап-күліп, кел дескен көл
Жарысып, тайға мініп, батпаққа аунап,
Күресіп күн батқанда белдескен көл

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта
Бейне бір сенің басың сүт болған көл

Білмеймін не боларың, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қарашекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің.

ҚАРАҒЫМ

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойыңға, құр қаларсың, көңіл бөлме.
Оқымай, ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!

Кідірме, аялдама, алға ұмтыл,
Алам деп көктен жұлдыз, қолың серме.
“Қарманған қарап қалмас” деген рас,
Токтамай істер болсаң батып терге.

Жасынан оқу оқып, өнер қуған
Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге...
Білімсіз, құр қалтақтап жүргенменен
Ерте өлген, көмілулі қара жерге.

Жастық, байлық, қол қусырып бос жүру
Жас өспірім үмітті ерте бұзады.
Тер ағызып, өліп-талып табылған
Ата дәулет быт-шыт болып тозады.

ОРАЛ ТАУЫ

Таласқан аспанменен көкпеңбек тас,
Қарасаң төбесіне, айналар бас.
Жасаған мейірімі кең қадір Тәңірі,
Шығарған сол тауынан алтын, алмас.

Жіп-жиі, шытырманды түрлі ағаш,
Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас.
Қарағай, шырша-батыр бір қалыпта:
Шілде, жаз, қысын, күзін есіне алмас!

Ішінде аю, қасқыр, түрлі аң толған,
Адамзат батып жалғыз аяқ салмас.
Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.

Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойныңа жайыменен кіріп еді...
Ер түрік ең далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді.

Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі, жел-күн тимей, берік еді.
Тұрақсыз бұл жалғанда опа бар ма,
Сақтан, алдар, бой салып жақын барма!

Бүгінгі күн жан досың болып жүріп,
Құлатып кетер ертең сені жарға.
Қарашы төңірекке мойның бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік

Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп...
Осындай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне

Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне.
Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,
Мойның бұр тұңғышыңа, бермен орал!
Қосылып батыр түрік балалары,
Тапталпа жолын кесіп, тізгінге орал.

ЕСІМДЕ... ТЕК ТАҢ АТСЫН!

Ол күнді ұмытқан жоқ, әлі есімде,
Таянып келгенінде күн бесінге,
Кең дала ұсап тұрды қол тимеген
Керілген кербез сұлу ақ төсіне.

Құйылып тұрды көктен жұмақ нұры,
Құбылып хор даусындай құстар жыры,
Таласып аспан-көкке алтын тауы,
Арқаның суы – күміс, жібек – қыры.

Сайланып сол мезгілде шықтық жонға,
Қыранша көз жүгіртіп оң мен солға,
Ақ найза алты құлаш белге байлап,
Айнымас алдаспанды алып қолға.

Қанатты, қажымайтын тұлпар міндік,
Жібекпен жетпіс қабат белді будық.

Құрсанып қылыш өтпес мұздай темір,
Қиядан қыран құсша жауға ұмтылдык.

Аспаннан сорғаласа суға сұңқар,
Сүңгімей үйрек сорлы нағып тұрар!
Ақырған арыстанның айбатына
Шыдар ма қоян жүрек қорқақ құлдар?!

Жау қашты құр қарадан быт-шыт болып,
Қайратқа деңе, отқа жүрек толып,
Ауыздан “а” дегенде жалын шығып,
Арқада жаттық сайран, сауық құрып.

Бақ шіркін бір күн қонып бауырыңа еніп,
Кетпек қой ертеңіңе-ақ алдап, күліп
Алтын Күн аспандағы қайдан білсін
Қаптарын қапылыста қара бұлт!

Жолбарыс жүргенінде маң-маң басып,
Жүрегі, қайратына көңілі тасып,
Ойлай ма, қу қаңбақты таса қылып,
Жатқанын жасырынып мерген пасық?!

Еліктің еркетайы, ардақтысы,
Алтайдың ақиығы – алғыр құсы,
Алаштың¹ Арқада еркін ойнақтаған,
Жол тосқан жауыз жауда болды ма ісі?

Мас болып күш пен қайрат, қалың буға,
Алданып ойын-күлкі, сауық-шуға,
Сергімей жата беріп, сезбей қаппыз,
Жақындап барып қапты Күн батуға.

Күн алтын жаң-жағына сәуле шашты,
Жарық пен қараңғылық араласты.

¹Алаш – қазақ деген мағынада.

Сәулесі қызыл алтын – сәлемі еді,
“Көргенше қош, алаш!” – деп амандасты.

Ай туып, Күн орнына көкте қалқып,
Гүлдерден мас қыларлық иіс аңқып,
Төңірек тыныш ұйқыға батқан шақта
Кетіппіз біраз ғана біз де қалғып.

Сужүрек мана қашқан жасырынып,
Жақындап келген бопты аңдып тұрып –
Қорқақ құл ұрлықты да ерлік санап,
Қуанып алласына басын ұрып.

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылаң, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

ПАЙҒАМБАР

*Устремля наши очи
На бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наш Пророк.
Д. С.Мережковский*

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған.
Түн баласы Тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа Тәңірі таппаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.
Білген емес – иман деген не нәрсе,
“Қарын” деген сөзді ғана жаттаған.

Түн баласы... Түн жолына түскен ол,
Сақаусыз деп Мұса тілін кескен ол,
Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол...

Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.

Түн баласы өмірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын күр денеге жануар,
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Төгілмей ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме жайылған соң күшті у.
Түн баласы түнеріп тұр өлгелі,
Көзінді сал – күнбатыста қанды шу.

Көзге түртсе көрінбейтін қара түн,
Күңіреме ме, күле ме әлде әлдекім?
Жылайды да, шулайды да ұлиды,
Бұл кім? Бұл ма – түн баласы түссіз жыш.

Қап-қара түн. Түн баласы күңіреңед,
Күңіренумен бір-біріне үн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
Қара түнде көр көзімен не көред?!

Қап-қара түн. Толқындары қара қан,
Қара түнде өңшең соқыр шұбырған.
Сол шұбырған сансыз соқыр алдында
Ентелеген кәдімгі Иван есалаң.

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр,
Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Қайғы менен қара қанға түншығып,
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Ерте күнде жоқ бар еді түн туған,
Қап-қараңғы түн ішінде Күн туған.
Отты Күннің сәулесінен от алтын
Отты көзді, отты жанды Гун туған.

Ерте күнде отты Күннен Гун¹ туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам.
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем –
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзің көр?
Күншығыстан таң келеді, енді көр.
Таң келеді, мен келемін – пайғамбар,
Күт мені сен, “лахаулаңды” оқи бер.

¹ Гун – түріктің арғы атасы (М. Жұмабаев ескертпесі).

Күншығыстан таң келеді – мен келем,
Көк күңіреңед: мен де көктей күңіреңем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Күңіреңеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы.

КҮНШЫҒЫС

Қысық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!
Күңіреңтіп жерді ыңыраншы,
Күнбатысқа көз салшы,
Көрдің бе қанның жалынын?

Күнбатысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан,
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Көп білем деп – бөлуге,
Көп күлем деп – өлуге
Жақын қалды Күнбатыс.

Дария еді ол өкірген,
Шапшып көкке лепірген,
Жемірілді кемері.
Өлгелі жатқан күрт ауру,
Жан-жаққа сүзіп көз салу –
Қолынан енді келері.

Ібіліске ерген есерлер,
Өзімшіл кеуде кеселдер
Түншықсын, қанға боялсын.